

Материалы
научно-практической конференции

14 декабря 2015 года

**«СТРАТЕГИЯ 2050» - ГЛАВНЫЙ РЕСУРС КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНЫХ
ВЫЗОВОВ СОВРЕМЕННОСТИ»**

**«Стратегия 2050» – Қазақстанның қазіргі заманның жаһандық сындары
жағдайындағы басты ресурсы»
Өңірлік ғылыми-практикалық
конференциясының материалдары**



**Материалы Региональной
научно-практической конференции
«Стратегия 2050» - главный ресурс Казахстана в условиях глобальных
вызовов современности»**

Қостанай, 2015

ӘОЖ 323/324 (5ж)
КБЖ 66.3 (5Қаз)
С 82

Редакция алқасы:

Ж.Қ.Мақанов – әлеуметтік ғылымдарының кандидаты; Е.А.Әбіл – тарих ғылымдарының докторы, профессор; С.М. Жиентаев – экономика ғылымдарының докторы, профессор; А.А. Мұратов – ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты; К.Р. Сейпиева – тарих ғылымдарының кандидаты; А.Б.Шалғымбеков – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

С 82 «Стратегия - 2050 – Қазақстанның қазіргі заманның жаһандық сындары жағдайындағы басты ресурсы»: өңірлік ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 14 желтоқсан 2015 ж.

«Стратегия 2050» – главный ресурс Казахстана в условиях глобальных вызовов современности»: материалы региональной научно-практической конференции, 14 декабря 2015 г. - Қостанай: ИП Қапшы С.Е., 2015 ж. – 240 б.

ISBN 978-601-7396-96-1

Жинаққа Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған және мемлекет пен мемлекеттік саясаттың дамуының басымдықтар Стратегиясының алға басуына, ұлттың бірлігі мен қазақстантық патриотизмді нығайтуға бағытталған «Стратегия 2050» – болашаққа ілгерілеудің және жасампаздықтың қазақстандық жолы» атты Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары енгізілді.

В сборник включены материалы Региональной научно-практической конференции «Стратегия 2050» - казахстанский путь прогресса и созидания будущего», посвященной Дню Первого Президента Республики Казахстан и направленной на продвижение приоритетов Стратегии развития государства и государственной политики, обеспечение единства нации и укрепление казахстанского патриотизма.

ӘОЖ 323/324 (5ж)
КБЖ 66.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-7396-96-1

© «Қостанай облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы» ММ, 2015
© ИП Қапшы С.Е., 2015

Т. Хакимова,
доцент., п.ғ.к

Г. Ғазиз,
аға мұғалім
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА 550 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Аңдатпа. Қазіргі замандағы ғылым мен білімнің интеграциясы және ақпараттық-әдістемелік негізде білім беруде, жаңа технологияларды қолдануда, технологиялық жетістіктерге негізделген білім берудің қазақ хандығына 550 жылдығы туралы.

Аннотация. Достижения в образования новых информационных технологий к 550-летию Казахского ханства.

Мақсат: студенттердің жаңа технологияларды қолдану, ақпараттық технологияны пайдалануды қалыптастыру.

Міндет: Жоғарғы оқу орынында ақпараттық технологиялардың негізгі бағдарламалық-әдістемелік кешенін қолдану мазмұны мен әдістемесін білу.

Қазақ халқы үшін 2015 жыл ұлан асыр той жылы болып табылады десек артық айтқанымыз емес. Атап өтсек, биыл ҚР Конституциясы мен Қазақстан Халқы Ассамблеясына-20 жыл. Ал басты жаңалық, Керей мен Жәнібектің Қозыбасы өңіріне Қазақ хандығының туын тіккеніне ауыз толтырып айтарлықтай 550 жыл толып отыр. Елбасының қолдауымен айтулы мерекеміз киелі де қасиетті Тараз өңірінде тойланғаны көңілімізді қуантады. Мереке сан ғасырларды артқа тастаған тарихқа оралтып, көшпелі қазақтардың тарихын көз алдымызға әкелгендей болды.

Орта Азияның дархан даласында түрлі ру-тайпалар өмір сүргені тарихымыздан белгілі. Өз дәуірлерінің қожаларына айналған, ел бірлігі үшін күрескен сақ, ғұн, үйсін, қаңлы сынды тайпалардың мұрасы қазірге дейін сақталып келеді. Көк бөриден таралған түркі тайпасының да тасқа қашалып жазылған ескерткіші де – осының дәлелі. Расында, өзге түркі халықтарының ішінен тілін, тарихын, салт-дәстүрін сақтап қалған қазақ халқы екені анық. Яғни, қазақ халқының пайда болуы Күлтөгені заманынан бастау алады. Ғасырдан ғасырға өз еркіндігі үшін күрескен еліміздің тарихында қанды оқиғалар, қайғылы шапқыншылықтар көп орын алды. Ондай күрестер мен жорықтар қазақ халқы мәдениетінің дамуы мен жетілуін тежеді.

Сондай күрестердің бірінде, Әбілхайыр хандығының құрамынан еркіндік аңсаған, ержүрек хандарымыз Керей мен Жәнібектің өжет істері, батыл қадамдары - Шу мен Талас өзендері бойында Қазақ хандығының пайда болуына негіз болды. Бұл Қазақ тарихындағы алғашқы бет болып жазылды.

Естеліктерге көз жүгіртсек, Қазақ хандығы құрылғаннан бастап біздің төл тарихымызда еліміз деп еміренген, жұртым деп жұдырық болған хандар, әділ төрелігін айтып, шындыққа тура қараған билер мен қазылар, кең байтақ дала, әлем бесігін тербеткен аяулы ана, бала әлдилеген асыл жар үшін найзаның ұшымен, білектің күшімен айқасқан хас батырларымыз да аз емес. Қол астына 1 млн қазақты жұмылдыра білген Қасым хан, жоңғарларға қарсы күресте табандылық танытып, Күлтөбенің басында күнде жиын өткізген Тәуке хан, бар қазақтың басын қосқан ержүрек Абылай хан, қазақтың соңғы ханы Кенесары хан тарих сахнасында өз орындарын ойып тұрып алған тұлғалар болып табылады. Халықтың бірлігі мен бейбітшілігін, тұтастығы мен достығын берік ұстап тұруға одан өзге Қазақ хандары да өз үлестерін айтарлықтай қосты. Жаудың жұмыр қылышына төтеп берген батырлардың қатарында атышулы Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай сынды батыр тұлғалар бар. Қазақ халқының Ресейдің бодандығында болуы, жаппай орыстандыру саясаты, ашаршылық сынды қиындықтарға төтеп беруі, ұлт сөзін сөйлеген жанашырларының халқы үшін жан тапсыруы егемендікке бір табан болса да жақындауға өз ықпалын тигізді. Барлық қиындыққа қасқайып тұрып қарсылық көрсеткен ержүрек қазақ халқы еш мойымады. Азаттық аңсаған ұлт жастары 1986 жылы көтеріліске шығып, алыстан армандаған тәуелсіздігімізге 1991 жылы қол жеткіздік [2].

Қазіргі уақытта егемен Қазақстан мәдениет пен өнер саласында да, білім мен инновация тұрғысынан да әлем көшіне ілескен мемлекет. Білектің күшімен қол жеткізген тұғырлы тәуелсіздігімізді білімнің күшімен сақтап қалу – қазіргі жастардың басты мақсаты. Ал осы мақсатты орындау үшін Қазақстан әлемдік ақпараттық қоғамның легінен қалмай, жаңа заман технологияларына ілесіп отыруы қажет. Жас ұрпақ ақпараттық технологиялар тұрғысында сапалы білім алуы үшін білім беру органдары – мектептер, колледжер, ЖОО теориялық және тәжірибелік сипатта білім беруі міндетті болып табылады.

Білектің күшімен қол жеткізген тұғырлы тәуелсіздігімізді білімнің күшімен сақтап қалу – қазіргі жастардың басты мақсаты. Ал осы мақсатты орындау үшін Қазақстан әлемдік ақпараттық қоғамның легінен қалмай, жаңа заман технологияларына ілесіп отыруы қажет.

Қазақстанның ақпараттандыру және байланыс агенттігі

е-үкіметті құруда Оңтүстік Корея, Сингапур, Италия, Германия және Эстонияның тәжірибелерін қарастырды, содан кейін барып мамандардың көмегімен Қазақстанда «электронды үкіметті» қалыптастырудың Мемлекеттік бағдарламасы жасалды. Қазақстан Республикасында «электрондық үкімет» қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты 2004 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 маусымдағы отырысында

№9 хаттамамен мақұлданған Қазақстан Республикасындағы «электрондық үкімет» тұжырымдамасының ережелері ескеріле отырып әзірленді.

Осы Бағдарламаның негізіне «электрондық үкімет» арқылы - прогрессивті ақпаратты Қазақстанға» қол жеткізу идеясы алынды.

Қазақстанда «электрондық үкіметті» қолданысқа енгізу мемлекеттік органдардың азаматтар мен ұйымдарға ұсынатын қызмет көрсетулер сапасын жақсартуға және мерзімін қысқартуға, мемлекеттік органдар қызметінің ақпараттық базасына қолжетімділікті қамтамасыз етуге, болашақта әкімшілік жүйені жетілдіруді ескере отырып, құрамы жағынан тиімді әрі оңтайлы мемлекеттік аппарат құруға бағытталған [1].

«Электрондық үкімет» құрудың басты басымдықтары Интернет-байланысқа қолжетімділікті қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білім деңгейін көтеру, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесіне жаңғырту жүргізу болып табылады.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттер

Бағдарламаның мақсаты азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қызмет көрсетулерге жылдам әрі сапалы қолжетімділігін қамтамасыз ету және АКТ-ны кеңінен қолдану арқылы мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігін арттыру болып табылады.

Аталған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді орындау керек:

1. мемлекетке, азаматтар мен ұйымдарға ақпараттық қоғам жағдайларында жұмыс істеуге мүмкіндік беретін нормативтік құқықтық және әдіснамалық база құру;
2. мемлекеттік органдардың е-қызмет көрсетулерін қалыптастыру мен дамыту;
3. е-Үкіметтің қызмет көрсетулеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, ақпараттық теңсіздікті жою және АКТ саласында білім деңгейін арттыру жөнінде жұмыстар ұйымдастыру;
4. е-Үкімет инфрақұрылымының базалық құрамдас бөліктерін қалыптастыру және мемлекеттік органдардағы ақпараттық инфрақұрылымды оңтайландыру;
5. е-Үкіметтің ақпараттық инфрақұрылымын қорғауды қамтамасыз ету.

Жас ұрпақ ақпараттық технологиялар тұрғысында сапалы білім алуы үшін білім беру органдары – мектептер, колледждер, ЖОО теориялық және тәжірибелік сипатта білім беруі міндетті болып табылады. Сондай білім беру ошағының бірі - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті механика –математика факультеті «Информатика» кафедрасы.

«Информатика» кафедрасының тарихы тереңнен бастау алғанымен, қазіргі таңда жаңа заман ағымына ілескен білім беру орталықтарының бірі болып табылады. Білім беру жоспары бойынша кафедраның бакалавриаттары, магистранттары «Информатика», «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары бойынша үздік деп танылса, «Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандықтары бойынша докторантура студенттері озық қабілеттілік танытуда. Кафедра дәріс залдарымен, тәжірибелік аудиторияларымен, зертханалық орындармен толық қамтамасыз етілген. Оған қоса, аталған кафедрада

21 компьютер, оның ішінде Pentium IV-1200-3, Pentium (R) Dual-Core E6500-5, HP LaserJet1005 және HP LaserJet1018 принтері, Kyocera FS-1120D принтері мен Konica Minolta bizhub164 көшірмесі, HP ScanJet 5400c сканері мен зертханалық жұмысқа арналған 4 видеопроектор орналасқан.

Соңғы жылдары кафедра шет елдің таңдаулы да үздік университеттерімен тығыз байланыс орнатып келеді. Студенттердің толыққанды білімді меңгеруі үшін түрлі курстар өткізіліп, шет ел университеттерінен келген танымал профессорлар ақпаратпен қамтамасыз ету саласындағы маңызды дәрістерді оқып тұрады. Қарапайым бір мысал, 2014-2015 оқу жылы кафедрамызда Новосибирск Мемлекеттік университетінің профессоры В.Э.Малышкин «Облачные вычисления», «Исследование и анализ алгоритмов», «Разработка и внедрение облачных решений» тақырыптарында студенттердің білім деңгейін одан әрі жетілдіру мақсатында дәрістерін оқып, еңбектерімен таныстырды.

Біздің басшылыққа кафедра студенттерінің кітаппен қамтамасыз етілуі аса маңызды. Қазіргі уақытта аталған мамандықтар бойынша 1 студенттің басына орташа есеппен 168 оқу құралынан келеді. Қазақ бөлімінің студентіне орташа есеппен 142 оқулық болса, орыс бөлімінің студенті бұл көрсеткіште 194,3 оқу құралын көрсетеді. Кітап қорының көптігі - студенттердің білімінің сапалы екендігінің дәлелі. Білімгерлер тек оқулықтармен ғана емес, түрлі ғылыми және оқу-әдістемелік құралдармен, ағылшын тілін үйрететін курстармен қамтамасыз етілген. Қазіргі уақытта кафедрада 106 теориялық және өндірістік мамандықтар ағылшын тілінде өтеді. Білім берудің жаңа әдістемесі мен технологиялары оқу жүйесіне бакалавриатурада -7, магистратурада-2, PhD докторантурада-5 мамандық бойынша қолданылады. Ал кафедра ұжымы жаңа технологиялық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, түрлі іс-шараларды жоғары дәрежеде өткізеді.

Кафедраның жеткен тағы бір жетістігі - оқушылардың, яғни, талапкерлердің арасында осы саланың мамандығына байланысты сұраныстың өсуі. Оның бір дәлелі, біздің кафедраның ұйымдастыруымен өткен

Халықаралық олимпиадаға белсене қатысып, университет өмірімен және кафедра өмірімен жете танысуы. Кафедра оқытушыларының білім деңгейін көтеру мақсатында жыл сайын ұстаздарға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кәсіби деңгейін жетілдіру институтында оқу-өндірістік курстар өтеді. Кафедра ұстаздары құрамының 95 пайызы куратор-эдвайзер болып табылады және олар өз студенттерімен бірге түрлі мерекелік, ғылыми іс-шаралар ұйымдастыруға ат салысады десек артық айтқанмыз емес.

Кафедрада «Cisco», «СБИ», «СКБ», «Бағдарламалау» сынды ғылыми-студенттік үйірмелер жұмыс атқарып келеді. Студенттер бұл үйірмелерде толығымен жұмыс атқаруда. Оған қоса, білімгерлер университетіміздің ректоры Ғ.М.Мұтанов ұсынған «Айналанды нұрланды», «100 кітап», «Грин Кампус», "Белсенділер қоғамы" атты жобаларда өздерін танытып келеді. Аталған белсенділердің 25 пайызы қалалық, республикалық және халықаралық байқаулардың жеңімпаздары болып табылады.

Кафедра ұжымы тек сапалы білімге ғана емес, қоғамдық іс-шаралардың өз дәрежесінде өтуіне, кафедралық, факультеттік және университеттік шараларға белсене қатысуына жауап береді. Механика-математика факультетінің «Информатика» кафедрасы білім беру жүйесі мен басқару жүйесін дәл осындай қарқынмен атқара берер болса, болашақта еліміздің ақпараттық қоғамы жоғары дәрежеге жетері анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында «Электрондық үкімет» қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. 10.11.2004 ж.

2. Назарбаев Н. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс // Егемен Қазақстан. 14 қазан 2009 жыл. 1-2 б.

СОДЕРЖАНИЕ

Жунусова К.С.,	Ошибка! Закладка не определена.
Влияние глобальных вызовов современности на социализацию студенческой молодежи.....	Ошибка!
Закладка не определена.	
Исенов Ө.И.,	Ошибка! Закладка не определена.
ТӨРЕЛЕР ИНСТИТУТЫ	Ошибка! Закладка не определена.
Нурушев М.Ж.,	Ошибка! Закладка не определена.
СОХРАНЕНИЕ БИОРАЗНООБРАЗИЯ СТЕПИ – КАК ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ И ФАКТОР	
КОНСОЛИДАЦИИ ГРАЖДАН КАЗАХСТАНА	Ошибка! Закладка не определена.
Сагындыков А.С.,	Ошибка! Закладка не определена.
ВОСПИТАНИЕ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА КАК ФАКТОР УКРЕПЛЕНИЯ	
МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО, МЕЖЭТНИЧЕСКОГО СОГЛАСИЯ И ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА	
.....	Ошибка! Закладка не определена.
Сайдаева М.,	Ошибка! Закладка не определена.
КАЗАХСТАН В ИСТОРИИ ЧЕЧЕНСКОГО НАРОДА	Ошибка! Закладка не определена.
Сапронова И.И.,	Ошибка! Закладка не определена.
Курманова Т.В.,	Ошибка! Закладка не определена.
Т. Хакимова,	3
Г. Ғазиз,	3
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА 550 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІҢ АҚПАРАТТЫҚ	
ТЕХНОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ	3

**«СТРАТЕГИЯ 2050» - ГЛАВНЫЙ РЕСУРС КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНЫХ
ВЫЗОВОВ СОВРЕМЕННОСТИ»**

**Материалы
научно-практической конференции**

14 декабря 2015 года

Подписано в печать 11.12.2015 г.
Гарнитура Таймс. Бумага офсетная.
Печать ризография.
Тираж 100 экз. Заказ № 2

*Отпечатано в ИП Капыш С.Е. с готовых оригинал-макетов заказчика
ГУ «Управление внутренней политики акимата Костанайской области»*